

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Факультет медицины и здравоохранения

УТВЕРЖДЕНО

Академическим комитетом по
направлению подготовки кадров
Здравоохранение ФМиЗ

Протокол № 1

«_19_»_сентября_2025

ПРОГРАММА

**ПРОГРАММА КОМПЛЕКСНОГО ЭКЗАМЕНА
ДЛЯ МОДУЛЯ**

**Основы инфектологии
Инфекцияның негіздері
Fundamentals of infectology**

**Педиатрия және неонатология
Педиатрия и неонатология
Pediatrics and neonatology**

По образовательной программе

6B10114 Медицина

6B10114 Медицина

6B10114 Medicine

4-КУРС

НА 2025-2026 УЧЕБНЫЙ ГОД

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Факультет медицины и здравоохранения

Бағдарламаның мақсаты – 4 курс студентінің оқу барысында модуль бойынша алған білім, дағды және икемдерінің жиынтығын бағалау.

Емтихан кешенді сипатқа ие және 2 кезеңнен тұрады.

1-кезең – кешенді тестілеу. Оның мақсаты – студенттердің теориялық даярлық деңгейін, дағдыларды меңгеруін, кәсіби қызметке дайындық дәрежесін және кәсіби ойлау деңгейін тексеру.

2-кезең – стандартталған пациентпен ОҚКЕ әдістемесі бойынша практикалық дағдыларды бағалау. Оның мақсаты – мамандықтың біліктілік талаптарына сәйкес практикалық және коммуникативтік икемдерді көрсету.

Пәнді оқыту нәтижелері:

Педиатрия және неонатология

Балалар мен жаңа туған нәрестелердің анамнезін жинау, клиникалық тексеру жүргізу, алдын ала диагноз қою және пациентті жүргізу жоспарын құрастыру

Балалар мен жаңа туған нәрестелердің диагностикалық және емдік іс-шараларын таңдауда дәлелді және персоналдандырылған медицина принциптерін қолдана отырып, негізделген клиникалық шешімдер қабылдау.

Жас ерекшеліктері мен психологиялық сипаттарын ескере отырып, бала және оның отбасымен тиімді өзара әрекет орнату, диагностика мен емдеу үдерісінде ата-аналар мен пациентке қолдау көрсету, этика және деонтология нормаларын сақтау.

Амбулаторлық және стационарлық жағдайларда балалар мен жаңа туған нәрестелерге шұғыл және жедел жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру және оған қатысу, көпсалалы команда құрамында дер кезінде, қауіпсіз әрі тиімді көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

Педиатрия және неонатология саласында, заңнама талаптары мен стандарттарды сақтай отырып, КМАЖ

Инфекцияның негіздері

Пациенттермен, балалармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) жұмыс барысында коммуникативтік дағдыларды, әріптестерімен және денсаулық сақтау жүйесінің басқа мамандарымен командада жұмыс істеу дағдыларын, диагностикалық және емдеу үдерісін және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру және басқару дағдыларын көрсету.

Жаһандық медициналық маңызы бар негізгі жұқпалы аурулардың этиологиясы, иммунопатологиясы, иммунопрофилактикасы және клиникалық көрінісі бойынша білімді біріктіру; мақсатты түрде эпидемиологиялық анамнез жинау; жұқпалы ауру анықталған жағдайда қажетті эпидемияға қарсы шараларды жүргізу.

Нақты науқасты емдеуде жеке көзқарасты қамтамасыз ету үшін білім мен дағдыларды біріктіру икемдерін көрсету; диагностиканың негізділігін талдау және дәлелді медицина қағидаттары негізінде кәсіби шешімдер қабылдауға үйрету.

Кәсіби қызметтегі білімдері мен дағдыларын жетілдіру және үздіксіз кәсіби оқуға қабілеттілікті және қажеттілікті көрсету.

Жұқпалы аурулар бойынша нормативтік құжаттарға (ауру жағдайының стандартты

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Факультет медицины и здравоохранения

жүйесінде жұмыс істеуді қоса алғанда, медициналық құжаттаманы жүргізу.

Жас ерекшеліктерін және әлеуметтік факторларды ескере отырып, балалар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және аурулардың алдын алу шараларын жүргізу.

Кәсібилікті, жауапкершілікті, этикалық нормаларды сақтауды және өмір бойы өзін-өзі дамыту мен оқуға дайындықты көрсету.

Педиатрия мен неонатологияның өзекті міндеттерін шешу үшін ғылыми әдебиетті іздеу, сыни тұрғыдан бағалау және пайдалану дағдыларын көрсету; оқытушының басшылығымен қарапайым ғылыми жобаларды орындауға қатысу.

анықтамасы, санитариялық-эпидемиологиялық іс-шаралар жөніндегі нормативтік құжаттар) сәйкес жұқпалы науқастарға медициналық көмек көрсету қағидаттары жөніндегі білімін көрсету.

Кәсіби қызметтегі білімдері мен дағдыларын жетілдіру және үздіксіз кәсіби оқуға қабілеттілікті және қажеттілікті көрсету.

Жұқпалы аурулардың алдын алу қағидаттары мен әдістері (жоспарлы және шұғыл вакцинопрофилактика) жөніндегі білімді біріктіру.

Альтруизм, мейірім, жанашырлық, жауапкершілік, адалдық және құпиялылық қағидаттарын сақтау сияқты кәсіби құндылықтарға адалдықты көрсету.

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Факультет медицины и здравоохранения

Әрбір пән бойынша емтихан бағасы мына құрамдардан тұрады:

1 кезең тест бөлімінің бағасы – 50%

2 кезең практикалық кезеңнің тиісті станцияларындағы бағалау – 50%

Емтихан академиялық күнтізбеге сәйкес модуль аяқталғаннан кейін өткізіледі.

Тестілеу – әрбір студент әр пән бойынша 100 тест тапсырады.

ОҚКЕ - әрбір студент модуль бойынша 3 станция тапсырады:

Практикалық кезеңнің бағасы тиісті станциялар бойынша – Жұқпалы аурулар мен Педиатрия және неонатология пәндерінен алынған бағалар негізінде қалыптастырылады.

Шұғыл көмек станциясының бағасы екі пән үшін де ескеріледі.

1 КЕЗЕҢ

Емтихан тест тапсырмаларының матрицасы

Педиатрия және неонатология пәні бойынша емтихан тест тапсырмаларының матрицасы

№	Тақырыптар	Студентке арналған тесттердің саны	Тесттердің күрделілік деңгейі
1	Жаңа туған нәрестелер патологиясы. Патологиялық сарғаю. Өт шығару жолдарының атрезиясы.	1	2
2	Пилороспазм. Пилоростеноз. Өңештің атрезиясы. Трахео-өңештік фистула.	1	3
3	Диатез. Атопиялық дерматит	3	3
4	Балалардағы бронхит, бронхиолит. (Жедел бронхит. Жедел обструктивті бронхит. Жедел бронхиолит)	6	2
5	Балалардағы пневмония	5	3
6	Балалардағы өкпенің интерстициалдық аурулары. Бронхолегиялық дисплазия. Облитеративті бронхиолит.	2	2
7	Балалардағы бронхиалды астма. Муковисцидоз	3	2
8	Балалардағы митральді клапан жетіспеушілігімен бірге туа біткен жүрек ақаулары.	5	3
9	Туа біткен кардит. Ревматизмге жатпайтын кардит.	2	2
10	Балалардағы хромосомалық аномалиялар: клиникалық ерекшеліктері	1	2
11	Туа біткен кардит. Ревматизмге жатпайтын кардиттер. Ритм бұзылыстары.	4	3
12	Балалардағы кардиомиопатия.	6	2
13	Тұқым қуалайтын метаболизмдік аурулар.	3	2
14	Балалардағы ішек патологиясы. Целиакия. Қабыну аурулары. Тұқым қуалайтын метаболизмдік аурулар.	5	3

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Факультет медицины и здравоохранения

15	Гломерулонефрит. Зәр шығару жүйесі инфекциялары. Гемолитико-уремиялық синдром.	7	3
16	Жастардағы идиопатиялық артрит	6	2
17	Балалардағы жүйелі васкулиттер. Қосымша тіндердің аралас аурулары.	4	2
18	Балалардағы біріншілік иммунды тапшылық.	2	2
19	Балалардағы анемия (гемолитикалық, апластикалық).	6	3
20	Коагулопатия. Тромбоцитопатия. Иммундық тромбоцитопения.	7	2
21	Балалардағы лимфома	4	2
22	Балалардағы лейкоз	6	2
23	Балалардағы қант диабеті. Жаңа туған нәрестелердегі қант диабеті.	4	3
24	Туа біткен гипотиреоз. Балалардағы йод жетіспеушілігі жағдайлары.	3	3
25	Балалардағы қызба. ЖТЖЖҚА	2	2
26	Балалардағы диарея. ЖТЖЖҚА	2	2
		100	

Инфекцияның негіздері пәні бойынша емтихан тест тапсырмаларының матрицасы

№	Тақырыптар	Студентке арналған тесттердің саны	Тесттердің күрделілік деңгейі
1	Аурудың стандартты анықтамасы	7	3
2	Респираторлық синдромымен жүретін жұқпалы аурулар	10	3
3	Ангинамен жүретін жұқпалы аурулар	6	3
4	Энантемамен жүретін жұқпалы аурулар	10	3
5	Сепсис	6	2
6	Гельминтоздар	5	2
7	Диарея синдромымен жүретін жұқпалы аурулар	10	3
8	Гепатит синдромымен жүретін жұқпалы аурулар	15	3
9	Жатырішілік инфекциялар	10	2
10	АИТВ-инфекциясы	8	3
11	Ауруханаішілік инфекциялар	5	2
12	Биоқауіпсіздік негіздері	2	2
13	Бастапқы аффе́кт синдромымен жүретін жұқпалы аурулар	6	2
		100	

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Факультет медицины и здравоохранения

Станциялар	Пәннің бөлімдері	Сценарийлер
1 станция (педиатрия және неонатология)	1. Обструктивті синдром	-Аллергиялық компоненті басым бронхальды астма -Басқа нақты агенттер шақырған жедел бронхиолит -Өкпе белгілері бар кистозды фиброз
	2. Гепатит	-Бильсон-Коновалов ауруы
	3. Диарея	-Целиакия -Үлкен ішектің Крон ауруы
	4. Сарғаю	-Криглер–Наяр І–ІІ типі -Жильбер ауруы
	5. Қан тұзу жүйесінің аурулары	-Иммундық тромбоцитопения -Т-клеткалық прекурсорлары бар ерте жедел лимфобластты лейкоз
	5. Кардит	-Рестриктивті кардиомиопатия -Туа біткен кардит
	6. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары	-Жедел нефриттік синдром, аз мөлшердегі гломерулярлық бұзылыстар -Нефротикалық синдром, диффузды мембранозды гломерулонефрит
	7. Буын синдромы	-Жастардағы ревматоидты артрит -Реактивті артрит
	9. Бөртпе	-Атопиялық дерматит -Геморрагиялық васкулит
2 станция (инфекцияның негіздері)	1. Обструктивті синдром	-РС инфекциясы -Дифтерия -Коронавирустық инфекция
	2. Гепатит	-Вирусный гепатит В -Вирусный гепатит Е
	3. Диарея	-Энтеровирусты инфекция -Эшерихиоз
	4. Жатырішілік инфекция	-Цитомегаловирус инфекциясы -Туа біткен сифилис
	5. Біріншілік аффект	-Оба -Сібір жарасы
	6. Лифаденопатия	-Жануардан тарайтын жұқпалы инфекциялар -АИТВ-инфекциясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Факультет медицины и здравоохранения

		-Герпетік инфекциялар -Жұқпалы моноклеоз
	7. Бөртпе+қызба	-Қызылша -Псевдотуберкулез
3 станция (шұғыл көмек)	Педиатрия және жұқпалы аурулар	-Қант диабетімен байланысты кетоацидоз -Типтік гемолитико-уремиялық синдром -Цианотикалық әсерлі тыныс алу ұстамасы -Жұқпалы-токсикалық шок -Гиповолемиялық шок

Емтихан тапсыру тәртібі

1 кезең – MCQ бойынша тестілеу.

Әрбір студентке 2 пән бойынша 100 тест сұрағына жауап беру ұсынылады – барлығы 200 сұрақ. Әр сұраққа уақыт – 1-1,5 минут.

Тестілеу әр топ үшін кестеге сәйкес өткізіледі.

2 кезең - ОҚКЕ (объективті құрылымданған клиникалық емтихан) стандартталған пациентпен симуляциялық орталықта – 3 станция

Әр студентке белгілі сценарийлер жиынтығына сәйкес келетін идентификациялық нөмір беріледі. Әр студент 2 станциядан өтуі тиіс, әр станция – 20 минут. Жауаптар ауызша беріліп, жазбаша түрде рәсімделуі керек.

Әр станциядағы тапсырмалар (тапсырмалар матрицасына сәйкес) клиникалық жағдайларға негізделген.

1-станция – «**Педиатрия және неонатология**» - студент стандартталған пациентте (қарау, пальпация, перкуссия) және симуляторда (аускультация) белгілі патология кезінде анамнез жинау, физикалық тексеру дағдыларын (қарау, пальпация, перкуссия, аускультация) көрсетуі тиіс, табылған деректерді анықтау және интерпретациялау, негізгі синдромды анықтау қабілетін көрсетуі қажет. Ауызша шағымдар, анамнез және физикалық тексеру негізінде студент алдын ала диагноз қойып, тексеру жоспарын құра білуі керек. Сұраныс бойынша зертханалық және аспаптық тексерулер нәтижелері беріледі (қан анализі, биохимиялық анализ, ҚСК, иммунологиялық тесттер, плевралық сұйықтық анализі, Р-грамма, КТ, МРТ, спирография, ЭКГ, ЭхоКГ, УДЗ, эндоскопия және т.б.). Кешенді деректер негізінде студент соңғы диагнозды қалыптастырып, ем тағайындауы қажет.

2-станция – «**Инфекцияның негіздері**» - студент стандартталған пациентте анамнез жинау, физикалық тексеру дағдыларын (қарау, пальпация, перкуссия, аускультация), эпидемиологиялық анамнез жинау дағдыларын көрсетуі тиіс, табылған деректерді анықтау және интерпретациялау, негізгі синдромды анықтау қабілетін көрсетуі қажет. Ауызша шағымдар, анамнез және физикалық тексеру негізінде студент алдын ала диагноз қойып, тексеру жоспарын құра білуі керек. Сұраныс бойынша зертханалық және аспаптық тексерулер нәтижелері беріледі (қан анализі, биохимиялық анализ, ҚСК, иммунологиялық

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Факультет медицины и здравоохранения

тесттер, молекулярлық-биологиялық диагностика, омыртқа-ми сұйықтығы анализі, Р-грамма, КТ, МРТ, спирография, ЭхоКГ, УДЗ, эндоскопия және т.б.). Кешенді деректер негізінде студент соңғы диагнозды қалыптастырып, ем тағайындауы қажет.

3-станция – **Шұғыл көмек көрсету** - студент пациенттің жағдайын жылдам бағалау дағдыларын көрсетуі, шұғыл араласуды қажет ететін жағдайды диагноздау критерийлері бойынша анықтап, алгоритм бойынша көмек көрсетуі тиіс; қажет болған жағдайда әрекеттерін түсіндіруі керек. Сонымен қатар, жедел көмек көрсетудің тиімділігін бағалау, мүмкін болатын асқынулар мен салдарлар туралы білімдерін көрсету талап етіледі. Студенттің мінез-құлқы мен өзін-өзі ұстауы, пациенттің жағдайына және қауіпсіздігіне назар аударуы да бағаланады.

Әр станциядағы тапсырмалар жиынтығы әр студентке жеке беріліп, қайталанбайды.

Балдық-рейтингтік бағалау (максималды 100 балл)

№	Кезеңнің атауы	Толық көлемде орындалып, теориялық білімдермен негізделген	Толық көлемде орындалған	Жекелеген ескертулермен ішінара орындалған	Ескертулермен ішінара орындалған	Маңызды ескертулермен ішінара орындалған	Орындалмаған
1	Пациентпен бастапқы байланыс орнату (пациентпен танысу, төлқұжат деректері, ТАӘ, жасы, мамандығы, ақпараттандырылған келісім)	5	4	3	2	1	0
2	Шағымдарды жинау (пациентті/қамқоршыны мазалайтын негізгі белгілер, балалардағы жас ерекшеліктеріне байланысты шағымдардың көрінісін ескере отырып) және оларды нақтылау	5	4	3	2	1	0
3	Аурудың анамнезін жинау (аурудың басталуы, ұзақтығы, емдеу әдістері, бұрынғы медициналық көмекке жүгінулер, балалардағы ауру барысының ерекшеліктері, соның ішінде өсу мен дамуға әсері)	5	4	3	2	1	0
4	Эпидемиологиялық анамнез (тұратын жері, табиғатқа немесе шетелдерге шығуы, жәндіктер/құрттар шағуы, жұқпалы аурулары бар адамдармен байланысы, отбасы мен балалар ұжымында ауру жағдайлары). Отбасылық анамнез (отбасындағы тұқым қуалайтын аурулар, аллергиялар). Әлеуметтік анамнез (тұратын жағдайы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, балалар мекемелеріне баруы)	5	4	3	2	1	0
5	Өмірлік анамнез (ұлттық екпе кестесіне сәйкес егу, созылмалы аурулар, ауырған инфекциялар,	5	4	3	2	1	0

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Факультет медицины и здравоохранения

	операциялар, қан құю, аллергиялар, балалардың тамақтануы)						
6	Жағдайдың ауырлығын бағалау (пациенттің жағдайы, санасы, тері түсі, еңтігу бар/жоқтығы, жас ерекшеліктерін ескере отырып өмірлік функцияларды бағалау: тыныс алу жиілігі, пульс, қан қысымы, сатурация)	5	4	3	2	1	0
7	Жалпы қауіпті белгілерді анықтау (педиатриялық критерийлерді ескере отырып, шұғыл араласуды қажет ететін критикалық жағдайларды анықтау)						
8	Физикалық тексеру (тері қабаты, лимфа түйіндерін пальпациялау, алғашқы әсер, ауыз қуысының шырышты қабаты, мүшелер мен жүйелерді тексеру, status localis, балаларды физикалық тексерудің ерекшеліктері)	5	4	3	2	1	0
9	Физикалық және психомоторлық дамуды бағалау (бойы, салмағы, дене салмағы индексі, процентильдер, балалардың психомоторлық дамуы; ересектер үшін — қажет болған жағдайда конституцияны және когнитивтік статусын бағалау)	5	4	3	2	1	0
10	Алдын ала диагноз және дифференциалды диагностиканың жоспары (кемінде 3 нозологияны көрсету!)	5	4	3	2	1	0
11	Тексеру жоспары (жүйелі, әр пункттің негіздемесі және интерпретациясымен)	5	4	3	2	1	0
12	Тексеру жоспары (арнайы) (ДДЗ-ға бағытталған)						
13	Анализдердің интерпретациясы (арнайы)						
14	Клиникалық диагноз (ауру түрін көрсетуімен)	5	4	3	2	1	0
15	Аурудың мүмкін болатын асқынулары	5	4	3	2	1	0
16	Ем жоспары – негізгі дәрілер, дозасы, схемасы, қосымша дәрілер (негіздемесімен)	5	4	3	2	1	0
17	Тиімділік критерийлері, шығару критерийлері. Прогноз.	5	4	3	2	1	0
18	Профилактика (жеке және қоғамдық, соның ішінде вакцинация және балалар/қамқоршылар үшін ұсыныстар)	5	4	3	2	1	0
19	Контактты тұлғаларға қарсы эпидемиологиялық шаралар (соның ішінде балалар ұжымдары мен отбасындағы ауру ошақтары)	5	4	3	2	1	0
20	Коммуникативтік дағдылар мен кәсібилікті бағалау	5	4	3	2	1	0